

город Косшы
29 января 2025 года
№ 2/13

«Jana Bastau» – Қосшының жаңалығы, қоғамның үні!

Газетке жазылып, смартфон ұтып алыңыз!

Наурыз мейрамы қарсаңында ерекше сыйлық!

«Jana Bastau» – Қосшы қаласының басты ақпараттық басылымы. Бұл газет арқылы сіз қаланың тыныс-тіршілігінен, маңызды оқиғаларынан және өзекті мәселелерінен хабардар боласыз. Ал биылғы Наурыз мейрамы қарсаңында біз сіздерге тамаша мүмкіндік сыйлаймыз!

Жазылыңыз және 5 заманауи смартфонның бірін ұтып алу мүмкіндігін алыңыз!

НЕГЕ «JANA BASTAU» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ КЕРЕК?

- Қосшы қаласының ең маңызды жаңалықтары – әлеуметтік, экономикалық және мәдени оқиғалар.
- Қоғамдық пікір алаңы – сіз өз ойыңызды ашық білдіріп, өңірдің дамуына үлес қоса аласыз.
- Қазақ және орыс тілдерінде жарық көреді – баршаға қолжетімді.
- Түрлі-түсті форматтағы алғашқы және соңғы беттер – ақпаратты көрнекі әрі тартымды етіп жеткіземіз!
- Наурыз мерекесіне арналған ҰЛЫ ҰТЫС ОЙЫНЫ-НА қатысу мүмкіндігі!

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚ – 5 ЗАМАНАУИ СМАРТФОН!

Көктемнің шуақты мерекесінде ерекше сыйлыққа ие болғыңыз келе ме?

Ұтыс ойыны қалай өтеді?

Kaspi.kz қосымшасы арқылы газетке жазылыңыз:

Kaspi.kz → Платежи

Подписка на СМИ

Печатные СМИ

Jana Bastau

Жазылу чегін janabastau2022@gmail.com поштасына жолдаңыз.

Барлық жазылушылар арасында рандомус әдісі арқылы 5 жеңімпаз анықталады!

Ұтыс ойыны Наурыз мейрамы қарсаңында, @janabastau.kz Instagram парақшасында тікелей эфирде өтеді.

Қаласаңыз, онлайн ұтыс ойынына өзіңіз келіп, тікелей қатыса аласыз!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ: БАР БОЛҒАНЫ 7000 ТЕҢГЕ / 12 АЙ!
7000 теңге – бір күндік түскі ас құны ғана!

Ал «Jana Bastau» газетіне жазылу арқылы сіз бір жыл бойы маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!

Осы көктемде сыйлық ұтып алуға мүмкіндік алыңыз!

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

Жыл бойы Қосшы қаласының жаңалықтарынан хабардар боласыз.

Өңірдің дамуына үлес қосып, қоғамдық пікірталастарға қатыса аласыз.

Наурыз мейрамына арналған ерекше ұтыс ойынына қатысып, смартфон ұтып алу мүмкіндігіне ие боласыз!

Тіркелуге асығыңыз! «Jana Bastau» газетіне дәл қазір жазылып, көктем мерекесінде бағалы сыйлыққа ие болыңыз!

Толық ақпарат: @janabastau.kz (Instagram)

Сұрақтар үшін: janabastau2022@gmail.com

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті



Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-

АЛАҚАЙ!

БӘРЕКЕЛДІ, БАЛАҚАЙ!

Алматы қаласында 6 жасқа дейінгі ұлдар арасында шахматтан өткен ел чемпионатының блиц ойынында 3-орынды жеңіп алған Мыңжасар Абдурахманның жетістігі – барлығымыз үшін үлкен қуаныш! Бұл жеңіс Қосшы қаласындағы «Jana beles» шахмат орталығының жоғары деңгейдегі дайындығы мен жүйелі жұмысының нәтижесі.

Орталық жетекшісі Төкен Еркебұланұлының қажырлы еңбегі мен шәкірттеріне берген кәсіби бағыты жас шахматшылардың жетістікке жетуіне жол ашып, орталықтың сапалы дайындығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қосшы қаласындағы «Jana beles» шахмат орталығының жас дарыны Мыңжасар республиканың ең үздік 30 шахматшысымен терезесі тең дәрежеде ойнап, үздіктер қатарынан көрінді. Алматыдағы чемпионатта 3-орынға ие болу – жас таланттың болашақта халықаралық аре-

наларда Қазақстанның атын шығаратын нағыз чемпион боларына айқын дәлел.

Біз Мыңжасарды, оның отбасы мен барлық жанкүйерлерін шын жүректен құттықтаймыз! Бұл жетістік жас буынға үлкен үлгі болып, шахматты жақсы көретін көптеген жасөспірімдерді алға жетелейтіні сөзсіз. Болашақта әлемдік деңгейде ел намысын абыроймен қорғайтын мықты шахматшы болуына тілектеспіз!

Жарайсың, Мыңжасар! Тек алға, жаңа белестерге жете бергейсің!



ҚҰРМЕТ

ОҚУШЫЛАР ҒАЛЫМ АҒАМЕН КЕЗДЕСТІ

30 қаңтар күні «Бизнес-академия «Дара» мектеп-лицейінде «Іскерлік бейсенбі» жобасы аясында тағылымды кездесу өтті. «Арманға апарар жол» тақырыбындағы бұл шараның құрметті қонағы – Қазақстанның құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері, Журналистер конгресінің лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Баймұханов Мұхамедқали ағамыз болды.

Кеш барысында Мұхамедқали Баймұханов оқушылармен өмір жолындағы қызықты әрі тағылымды оқиғаларымен бөлісті. Ол өзінің алғашқы қалам тербеген сәттерін еске алып, жазушылықтың қыр-сыры, жеңіл де қиын тұстары жайлы сыр шертті. Сондай-ақ қоғамға қосқан үлесі, ауыл мәдениетін дамытудағы еңбегі туралы әсерлі әңгімелерін айтты. Кездесудің ерекше сәттерінің бірі – Мұхамедқали ағамыздың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігі болды. Ол қолына домбырасын алып, қазақтың төл өнері – ән мен күй орындап берді. Қазақ тілінің мәртебесі туралы терең ойларын ортаға салып, оқушыларды тілді құрметтеуге, ұлттық рухты биік ұстауға шақырды.

Жазушылық жолындағы еңбектері мен шығармашылық ізденістері туралы айта кетсек, Мұхамедқали аға «Абылай заманы» тарихи деректі романының, «Адамды өз атымен атайтын халық» атты көлемді еңбектің, «Қызыларай баурайында» атты эссенің авторы. Сонымен қатар ол жиырма жылдай журналистика саласында қызмет етіп, «Жақсылардан ғибрат» атты авторлық бағдарламаны жүргізісіп келді. Бұл бағдарлама арқылы қазақ тарихында ұмытылып бара жатқан қайраткерлердің еңбектерін жинап, келешек ұрпаққа өнеге қалдыруды мақсат етті.

Оның тіл біліміне, әсіресе араб тіліне деген қызығушылығы жайында да сөз қозғалды. Қазақ тіліне араб тілінен енген он сегіз мыңға жуық сөз бар екендігін атап өтіп, бұл екі тілдің байланысы жайында ой бөлісті. Сондай-ақ Мәскеуде



«Жас тұлпар» ұйымының белсенді мүшесі болғанын, Мұрат Әуезов, Бахтияр Тайжан, Сәбетқазы Ақатай сынды қоғам қайраткерлерімен араласқанын, ұйымның қазақ жастарының ұлттық санасын оятудағы маңызын баяндады.

Жас кезінде ауыл ақсақалдары мен әжелеріне «Мың бір түн» ертегілерін оқып беретінін, Қалижан Бекхожиннің «Дударай» поэмасын жатқа айтып жүргенін жылы сезіммен еске алды.

Кездесу барысында оқушылар үшін арнайы «Сұрақ-жауап» айдары ұйымдастырылды. Тарих және әдебиет саласындағы сұрақтарға жауап беріп, оқушылар білімдерін сынады. Сонымен қатар Мұхамедқали аға ауылдарда театр құруға қалай атсалысқанын, аударма ісінің қыр-сыры мен Кенішбай Жұбандықұлының шағатай тілінде жазылған

еңбектерін аударудағы тәжірибесін баяндады.

Құлтегін қолжазбасын алғаш оқыған ғалым Томсеннің зерттеулеріне жоғары баға беріп, оның тарихи еңбектері жайында ой бөлісті.

Кеш соңында оқушылар ағамызға өз сұрақтарын қойып, оның керемет әнші, күйші екенін де біліп, орындауында тамаша күй тыңдады. Мектеп оқушылары мен ұстаздары кешке ризашылықтарын білдіріп, қонаққа алғыс айтты.

Мектеп директоры Ақмарал Бақытжанқызы құрметті қонаққа алғысын білдіріп, естелік сыйлық табыс етті. Кездесу соңында барлық қатысушылар естелік суретке түсіп, ерекше әсерге бөленді. «Арманға апарар жол» тек кездесу ғана емес, болашаққа бағдар беретін тағылымды сәттердің бірі болды.

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ҚАЛА ТҰРМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісіне Ақмола облысынан депутат болып сайланған Айна Мысырәлімова ел жаққа жиі ат басын бұрып тұрады. Депутат қаңтар айының ішінде Қосшы қаласына екі рет жұмыс сапарымен келіп кетті.

Алғашқы кездесуінде Айна Еркемқызы қала әкімі А. Қапышевтың төрағалығымен өткен жиналысқа қатысып, өңірдің газбен қамтамасыз етілуі, мәдениет үйі мен өрт сөндіру депосы кешенінің құрылысы, сондай-ақ басқа да өзекті мәселелерді талқылады. Жұмыс сапары барысында мәжілісмен қалада

салынып жатқан көпсалалы аурухана құрылысымен танысып, «Сарыарқа» газ құрылысының шеңберінде салынып жатқан газ тарату желсін барып көрді.

Сондай-ақ Айна Мысырәлімова 24 қаңтар күні азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдады. Қабылдауға жазылған тұрғындар жеке балабақшалардың жұмысы, медицина саласындағы олқылықтар, тұрғын үй алу, таза ауыз сумен қамтамасыз ету, ата-ананың құқығын қорғау, мүмкіндігі шектеулі балалар мәселесі бойынша сауалдарын қойды. Тұрғындардың сұрақтары тыңдалып, әрқайсына заң шеңберінде түсініктеме берді.

Бетті дайындаған **Асылжан КҮНТУҒАН**



ЕР МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

СҰХБАТ

Қосшы қаласы мәслихатының депутаттары 2024 жылды қорытындылады. Осыған орай біз жергілікті өкілді органның атқарған жұмыстары туралы мән-жайға қанығу үшін мәслихат төрағасы Әлихан Жұмаханұлы Қуатбековпен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

– Әлихан Жұмаханұлы, ұлу жылы елімізде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. Оның ішінде Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығы ел көлемінде кеңінен аталып өтті. Жалпы, қоғам өмірінде, мемлекеттік басқару құрылымында жергілікті өкілді органның рөлі қандай? Осы жайлы айтып өтсеңіз...

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүргізілген реформа аясында Конституцияның 30-дан астам бабына, 7 Конституциялық заңға және 15-тен аса заңға өзгеріс енгізілді. Оның ішінде мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту сияқты маңызды саяси шешімдер назар аудартады. Президент өз сөзінде: «Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихат-

тарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады» деген болатын.

Яғни мәслихат депутаттары сайлаушылардың үмітін ақтау үшін жергілікті атқарушы органдармен, облыстық Мәслихат, Мәжіліс, Сенат депутаттарымен тізе қоса отырып жұмыс істеп келеді. Түйткілді мәселелерді шешуде қоғамдық кеңес мүшелерімен, қоғам белсенділерімен өзара ынтымақтастықта әрекет ете отырып, бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткіздік.

– Қосшы қаласы мәслихатының депутаттары өз қызметін жүзеге асыруда 2024 жылы қандай жұмыстар атқарды?

– Депутаттық корпус өткен жылы негізгі міндеттері бойынша біршама

нәтижелі жұмыстар атқарды деп ойлаймын. Мәслихаттың 15 сессиясы ұйымдастырылып, 67 сұрақ бойынша шешім қабылданды. 8 мәрте депутаттық сағат, 30-дан астам мәслихат комиссияларының, жұмыс топтарының қоғамдық кеңеспен бірлескен отырыстары ұйымдастырылды. Ол бойынша 65 қаулы қабылданды.

Сонымен қатар депутаттарымыз қоғамның түрлі саласы бойынша да белсеніп еңбек етіп жүр. Әрдайым халықпен байланыс орната отырып іс қылдық. Жыл бойы азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдаулар, халықпен кездесулер ұйымдастырылды. Осындай кездесулердің нәтижесінде тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарды ескере отырып, облыстық басқармаларға, қала әкіміне, әкімнің орынбасарларына,



құзырлы органдарға, әкімшіліктің түрлі бөлімдеріне және т.б. мекемелерге жүзден астам депутаттық сауал жолдадық. Оның 90%-на жауап берілді. Барлық депутаттық сауалдардың 65% бойынша нақты шешім қабылданды.

Рас, тұрғындармен кездесу барысында айтылған сұрақтардың қатарында әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер де аз емес. Мысалы, азаматтардың шағымы бойынша Қосшы қаласының үстінен өтетін

әуе жолының бағытын өзгерту, қала көшелерін толыққанды жарықтандыру, иесіз иттер мен мысықтарды заңды түрде залалсыздандыру, «Лесная поляна» ТК үйлері жертөлелерінің инженерлік-техникалық бөліктерін құрылыс компаниясынан МИБ-ке қайтару, ҚТҚ-ды шығаруды сапалы жүзеге асыру сияқты түйткілді сұрақтар бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

(Жалғасы 4-бетте)

ҰЛТТЫҚ КОД

КӨШЕ АТАУЫ – ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ АЙНАСЫ

Қосшы қаласы – еліміздің қарқынды дамып келе жатқан елді мекендердің бірі. Ол өзінің әлеуметтік-экономикалық өсуімен қатар, мәдени және тарихи тұрғыдан да үлкен мәнге ие.

Қала көшелерінің атаулары бұл үдерістің маңызды бөлігі болып табылады. Ономастика – тек көшелерге атау берумен шектелмейтін, мәдени және тарихи тұрғыдан терең мағынасы бар ғылыми бағыт. Көше атаулары қаланың мәдениетін қалыптастырып, оның тарихымен таныстырып, бірегейлігін сақтауға қызмет етеді.

Қала тұрғындарының көше атауларын өзгерту немесе жаңадан атау туралы өтініш білдіруі жиі кездеседі. Мұндай өтініштерде көбінесе жеке тұлғалардың есімдерін беру ұсынылады. Алайда барлық өтініштерді орындау мүмкін емес, себебі олардың бәрі заңдық және тарихи тұрғыдан негізделмеген. Ономастикалық комиссия әр атаудың мағыналы және тарихи тұрғыдан дұрыс

болуын қадағалайды. Көшелерге атау беру кезінде бұл есімдер қоғамның мәдениеті мен тарихына сәйкес болуы керек. Мысалы, қала тұрғындары көбінесе өз туыстарының есімін көше атауына беруді сұрап, жиі өтініш жасайды. Атаусыз көшелерге атау беру жеке емес, қоғамдық мүддені де ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Қаладағы көшелердің атауы өте маңызы. Олар тек қала картасын түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар қала тарихын сақтап, оның мәдени бет-бейнесін қалыптастырады.

Қосшы қаласының ономастикалық ахуалын жақсарту тек әкімдік пен ономастикалық комиссияның ғана емес, барша қала тұрғындарының ортақ міндеті. Көшелердің атаула-

ры ұлттық тарихқа құрмет көрсету, мәдени дәстүрлерді сақтау және болашақ ұрпақтарға ұлттық бірегейлікті жеткізу жолындағы маңызды қадам. Қала көшелерінің атауларын дұрыс таңдау – бұл қаланың болашағына үлес қосу ғана емес, ол сонымен бірге біздің ұлттық мұрамызды сақтаудың кепілі болмақ.

Қосшы қаласының көшелері – халқымыздың бай тарихы мен рухани құндылықтарының көрінісі. Әрбір көше атауы ұлттың өткені мен бүгінінің арасындағы алтын көпір іспетті. Жас қала бола тұра, Қосшы көшелерінің атаулары қазақ халқының мәдени, тарихи және рухани мұрасын ұлықтауда маңызды рөл атқарып келеді. Бұл тек бағыт көрсететін атаулар ғана емес, олар – өткенді еске салып, болашаққа бағдар беретін құндылық.

Бүгінде Қосшы көшелері ұлттың ұлы тұлғалары мен тарихи оқиғаларын дәріптеумен ерекшеленеді. Мысалы, Абылай хан көшесі – қазақ елінің тәуелсіздігін қорғау жолында

күрескен ұлы ханның ерлігін еске салады. Кенесары көшесі – ұлт-азаттық қозғалысының рухын жаңғыртса, Абай көшесі – қазақтың ой-санасының жаңғыруына жол ашқан да-нағәйдің мұрасын дәріптейді. Бұдан бөлек, Құрманғазы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сынды тұлғаларға арналған көшелер де халқымыздың мәдениеті мен білімге деген ұмтылысын көрсетеді.

Көше тарихы – ел тарихы. Қосшы қаласының көшелері ұлттың мұрасын сақтаушы, оның рухын бейнелеуші және келешекке жеткізуші болып табылады. Қосшы мен Тайтөбе елді мекендерінде атау берілмеген алпысқа жуық көше бар, олар кезең-кезеңімен атауға ие болады.

А. Ахмедиянова,

Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы

САЙЛАУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ БОЙЫНША ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ, ОКРУГТІК ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қосшы қалалық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 2/13 «№3 бір мандатты сайлау округі бойынша Қосшы қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды тағайындау» қаулысына сәйкес, Қосшы қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына депутатты сайлау жөніндегі қалалық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлаймыз.

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46, Қосшы қаласы әкімдігінің шаруашылық басқармасының ғимараты, 2 қабат, тел.: 8 (71651) 7-91-08

Комиссия төрағасы - Баталов Болат Сәбитұлы; төрағаның орынбасары - Әлібекова Миркен Төреғалиқызы; хатшы - Елубай Ерболат Мағжанұлы; комиссия мүшелері: Поспелова Наталья Александровна, Сүлейменов Нұрбек Мұратұлы, Борашева Әлия Қалхаманқызы, Ержанова Саруар Қасымқызы.

№ 3 сайлау округі
Орналасқан жері: Қосшы қаласы, Ғани Абсағитов көшесі, 7, Рахымжан Қошқарбаев

атындағы №1 жалпы білім беретін мектептің ғимараты, тел: 8 701 823 38 61, 8 (71651) 9-95-58.

Округтік сайлау комиссиясының төрағасы - Шәди Бақытбай; төрағаның орынбасары - Жаншуақова Әсел Нұрқанқызы; хатшы - Мадкенова Әлия Ардаққызы; комиссия мүшелері: Алибеков Қайрат Сейтжанұлы, Тұрған Нұрасыл Елдосұлы.

№ 742 сайлау учаскесінің шекаралары
Орналасқан жері: Қосшы қаласы, Ғани Абсағитов көшесі, 7, Рахымжан Қошқарбаев атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп ғимараты, тел: 8 701 823 38 61, 8 (71651) 9-95-58.

Комиссия төрағасы - Рамазанова Гүлнара Валиқызы; төрағаның орынбасары - Мұқанова Айнагүл Қасикенқызы; хатшы - Ахметжанова Сұлушаш Секенқызы; комиссия мүшелері: Жолоушинова Әйгерім Серікқызы, Нұрпейісова Гүлдарика Серікқызы, Жалғасбекқызы Маржан, Шонтасова Жазира Асқарқызы.

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Б.Баталов

СООБЩЕНИЕ О СОСТАВЕ И МЕСТОНАХОЖДЕНИИ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ, ОКРУЖНОЙ И УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ ГОРОДА КОСШЫ ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТА МАСЛИХАТА ГОРОДА КОСШЫ ВМЕСТО ВЫБЫВШЕГО

В соответствии с постановлением Косшинской избирательной комиссии № 2/13 от 29 января 2025 года «О назначении выборов депутата маслихата города Косшы по одномандатному избирательному округу №3 вместо выбывшего», сообщаем состав и местонахождении территориальной, окружной и участковой избирательных комиссий по выборам депутата маслихата города Косшы вместо выбывшего.

Косшинская городская территориальная избирательная комиссия

Местонахождение: г. Косшы, ул. Республика, 46, здание хозяйственного управления акимата города Косшы, 2 этаж, тел.: 8 (71651) 7-91-08

Председатель комиссии – Баталов Булат Сабитович; заместитель председателя Алибекова Миркен Туреғалиевна; секретарь – Елубай Ерболат Мағжанұлы; члены комиссии: Поспелова Наталья Александровна, Сүлейменов Нурбек Муратович, Борашева Алия Калхамановна, Ержанова Саруар Касымовна.

Окружная избирательная комиссия № 3
Местонахождение: г. Косшы, улица Гани

Абсагитова, 7, здание общеобразовательной школы №1 имени Рахымжана Кошкарбаева, тел: 8 701 823 38 61, 8 (716)51 9 95 58.

Председатель комиссии - Шәди Бақытбай; заместитель председателя – Жаншуақова Асель Нуркановна; секретарь - Мадкенова Алия Ардаққызы; члены комиссии: Алибеков Қайрат Сейтжанович, Тұрған Нұрасыл Елдосұлы.

Участковая избирательная комиссия № 742
Местонахождение: г. Косшы, улица Гани Абсагитова, 7, здание общеобразовательной школы №1 имени Рахымжана Кошкарбаева, тел: 8 701 823 38 61, 8 (716)51 9 95 58.

Председатель комиссии – Рамазанова Гульнара Валиевна; заместитель председателя – Муканова Айнагуль Касикеновна; секретарь – Ахметжанова Сулушаш Секеновна; члены комиссии: Жолоушинова Әйгерім Серікқызы, Нурпеисова Гулдарика Сериковна, Жалғасбекқызы Маржан, Шонтасова Жазира Аскарвна.

Председатель Косшинской городской территориальной избирательной комиссии Б.Баталов

СҰХБАТ

(Басы 3-бетте)

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II Республикалық форумында мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін, депутаттар мен әкімдердің бірлесе жұмыс істегені жөн екенін атап өтті. Қала тіршілігі үшін аса маңызды ауыз судың қысымы, қоғамдық көлік, электр энергиясы сияқты мәселелер біршама реттелді. Жылда қайталанатын жылыту маусымына дайындық, жолдарды күтіп ұстау, қар шығару және абаттандыруға қатысты сауалдар әр уақытта бақылауда болады.

– **Қаламыздың инфрақұрылымына қатысты көп мәселенің шешімі бюджет қаражатының көлеміне тікелей байланысты. Қосшы қаласының дамуы жолында депутаттар қандай жұмыстар атқаруда?**

– Облыстық, республикалық бюджеттен бөлінетін қаржымен қатар, жергілікті бюджетке түсетін

ның жұмысын үйлестіруге оң ықпал еткен қала басшылығына, түйткілді мәселелерді облыстық мінберде көтеріп, шешілуіне атсалысып жүрген облыстық мәслихаттың депутаты Айдын Бертісбайұлына алғысымды білдіремін.

Депутат Б.Абдрахманов Тайтөбе ауылы тұрғындарының қалыпты тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету, жол құрылысының сапалы жүргізілуі, көшелерді жарықтандыру, ауыл аумағын қардан тазалау және т.б. жұмыстарды тікелей бақылауында ұстау арқылы оң нәтижеге қол жеткізіп келеді. Болат Үкібайұлы, Ирина Серікпайқызы, Шоқан Саматұлы, Ерғали Дүйсенұлы, Ақылбек Данабекұлы және өзге депутаттар былтыр еліміздің көптеген аймақтарын жайлаған көктемгі су тасқыны кезінде апаттың алдын алу шараларын іске асыруда айырықша еңбек етті.

Қала тіршілігі үшін экологиялық ахуалды жақсарту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, иесіз иттерден



пен өнерге баулуда көптеген бастамалар көтере отырып, қаламыздағы жас таланттардың шыңдалуына сүбелі үлес қосуда.

қазу керек. Осы бағытта мәслихат депутаты Ерғали Ділдәбек табанды еңбегінің нәтижесінде бюджет қаражатынсыз инвесторлар тарту

өткізілетін бұл шараға еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейінгі қала тұрғындары атсалысты.

Тамыз айында депутат С.Дүкен-

ЕР МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

қаржы көлемін көбейту Қосшы тұрғындарына қажетті әлеуметтік нысандарды салуға, қаламызды абаттандыруға және басқа да маңызды шаруаларды атқаруға мүмкіндік береді. Мәслихат төрағасы ретінде осы жұмысты нақтылы жүзеге асыру туралы ұсынысымды депутаттар қолдап, жергілікті бюджетке қосымша қаражат көзін тарту жұмысын жолға қойды. Мәслихат депутаты Нұрдаулет Қасенов өзіне тиесілі «Элит Строй Комплект» ЖШС арқылы қаламызға тек 2024 жылы ғана 631 миллион теңгеге жуық, депутат Динара Райханова 210 миллион теңгеден астам қаражат түсірді. Қаламызды абаттандыру ісінде барлық депутаттар белсенді қатысуда. Сондай-ақ Б.Абдрахманов, М.Тәшенов, С.Дүкенбаев, Д.Райханова, Н.Қасенов сияқты депутаттардың әрқайсысы 3-4 миллион теңгеден астам өз қаражаттарын қаламызды көркейтуге және басқа да әлеуметтік шараларға жұмсады.

Сонымен қатар қаламыздың инфрақұрылымы үшін жолдарымыздың сапалы болуы, қоғамдық көліктің уақытылы жүруі, жарықтандыру жұмыстарының жүргізілуі аса маңызды. Қаламыздан елордаға қатынайтын қоғамдық көліктің санын арттыру, олардың жүру интервалін жиілету жұмыстары бойынша Астана қаласының көлік басқармасының өкілдерімен келісімге келіп, қосымша 11 автобустың бөлінуіне қол жеткіздім. Сондай-ақ депутаттық корпус қалалық бюджеттен жеткілікті көлемде субсидия бөлу арқылы қалаішілік автобустың жүруіне ықпал етті. Бұл – қаламыздағы қоғамдық көлік мәселесінің біршама жақсаруына септігін тигізді.

Қала үшін ауқымды шараларды жүзеге асыруда қала белсенділерінің ұсыныс тілектеріне құлақ түре отырып жұмыс жасап келеміз. 19-20 шағын аудандарда жолдарды жоспардан тыс грейдерлеу жұмысын жүргізуге, жеке секторда бірнеше жерде көше шамдарын орнатуға қол жеткіздім. Азаматтарымыз тарапынан көтерілген шағымдардың шешімін табуға, атқарушы орган-

тұрғындардың өміріне төнетін қауіпті азайту, жеке сектор аумағында балалар алаңының көбейту сияқты маңызды мәселелерді шешуде мәслихат депутаты И.Осипованың жұмысын ерекше атап өтуге болады.

Көгалдандыру жұмыстарын жыл сайын тұрақты түрде жүргізіп келеміз. Көптеген тұрғын үй кешендерінің аумағына өз қаражатымызбен ағаш көшеттерін сатып алып тұрғындармен бірлесіп отырғызу



жұмыстарын жүргіздік. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады деп ойлаймын.

Қаламызды жылумен үздіксіз қамтамасыз ету – жауапкершілігі мол маңызды шаруа. Бұл жұмысты жүзеге асыруда мәслихат депутаты Ш.Ибраев айырықша белсенділік танытып, тек орталықтандырылған қазандық жұмысы ғана емес, қала бойынша жылу берудің сапалы ұйымдастырылуын бақылауында ұстауда. Шоқан Саматұлы қала жолдарын қардан тазалау және қала өміріне қатысты барша мәселелерде тиімді жұмыс жүргізуде.

Мәслихат депутаттары А.Бекбаева, Б.Сахария, А.Данабек әлеуметтік сала мәселелері, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, тұрғындардың жеке-кеден мәселелерін шешуде табанды жұмыс жүргізіп келеді. Депутаттар өскелең ұрпақты Отаншыл, патриоттық рухта тәрбиелеуде, мәдениет

– **«Су – тіршілік көзі» дейміз. Көп қабатты үйлердің тұрғындары әлеуметтік желілерде судың жоғарғы қабаттарға жетпей қалатыны, оның сапасының нашар екені жайлы шағымдарын білдіріп жатады. Осы мәселе шешімін таба ма?**

– Мәслихат төрағасы ретінде бұл мәселені ерекше назарға ала отырып, «Қосшы су» мекемесінің бұрынғы басшысы, мәслихат депута-

арқылы қосымша 5 су ұңғымасын бұрғылау жөніндегі келісімге қол жеткізді.

Бұдан бөлек, қаламызды сумен жабдықтау желілерін салу жобасы бойынша суы жоқ көшелерге су тарту жұмыстарына «Мелиоратор» ЖШС жауапты. Бұл компанияның жұмысты жоспарланған мерзімде орындамауына байланысты тиісті мекемелерге бірнеше рет хат жолдадық. Жұмыс барысы жіті бақылауымызда.

– **Қосшы қаласында дауыл соғып, жел тұрса электр желілері жиі үзіледі. Бұл жағдай былтыр да бірнеше рет қайталанды. Осы мәселе қалай шешімін табады?**

– Қосшы қала болғалы бұл сұрақ бір сәт те депутаттардың назарынан тыс қалған жоқ. Осы мәселені тікелей өзін министрлік деңгейінде көтеріп, қаланы электрмен қамтамасыз ету жұмысына мүмкіншілігі мол компанияны тартуға атсалыстым. Қала тұрғындарына электр қуатын үздіксіз жеткізу бойынша депутаттар «АРЭК» АҚ-ның басшылығына бірнеше мәрте хат жазып, қызмет көрсету сапасын жақсарту туралы ұсыныстар берді. Осы орайда, әкімшілік өкілдерімен бірлесе отырып жұмыс жасаудың маңызы зор. Қазір қаланың электр желілеріне бақылау жасалып, кемшіліктерді жою, қондырғыларды жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

– **Жасқаламыз жасампаз істердің жарысына айналууда. Депутаттық корпус қоғамдық-бұқаралық істерден, қайырымдылық шараларынан да қалыспай келеді. Осы туралы кеңірек айтып өтсеңіз..**

– Депутаттар халық үшін игі істерді жүзеге асыруда көпшілікке үлгі бола отырып, қоғамды дамытуға сүбелі үлес қосуда. Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығын мерекелеу аясында бірнеше шара өткіздік. Мысалы, шілде айында депутаттар Б.Абдрахманов, И.Осипова салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Тайтөбе ауылында «Кросс – салауатты өмір салты» атты бұқаралық марафон ұйымдастырды. Жыл сайын дәстүрлі түрде

баевтың демеушілігімен волейболдан турнир ұйымдастырдық. Қаламыз бойынша және Тайтөбе ауылынан жиыны 12 команда қатысқан әуедоп додасы тартысқа толы өтті. Бұл сайыстың ерекшелігі қоғамның түрлі саласында еңбек етіп жүрген жандардан құралған командалар қатысты. Олардың қатарында қала тұрғындарының атынан қатысқан МИБ мүшелерінің, күштік құрылым өкілдерінің, педагогтардың командалары да бар. Яғни өзара ынтымақтастықты арттыра отырып, бірлігімізді бекемдеу – басты мақсатымыз болды. Сәбит Мұратұлының демеушілігімен одан бөлек шахмат, күрес, джиу-джитсу турнирлері ұйымдастырылды.

Депутаттық корпус өкілдері мемлекеттік идеологияны да назардан тыс қалдырмайды. Ұлтымызды біріктіруші мемлекеттік тілді насихаттауды мақсат ете отырып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай қыркүйек айында облыстық мүшәйра ұйымдастырдық. Қалалық кітапханамен бірлесе отырып өткізген жыр сайысына қатысушылар жас қала тұрғындарына әдеби-рухани кеш сыйлады. Іс-шара депутат Динара Қуанышқызының қаржылай қолдауымен өтті.

Ал қайырымдылық шараларын жыл бойы ұйымдастырып тұрамыз. Болат Үкібайұлы жаңа жыл мерекесі қарсаңында Тайтөбе ауылында 300-ге жуық балаға көмек қолын созса, Динара Қуанышқызы, Ирина Серікпайқызы, Ақылбек Данабекұлы әлеуметтік жағынан осал және мүмкіндігі шектеулі 20-дан астам балаға жаңа жылдық қойылым ұйымдастырып, сый-сияпат көрсетті. Депутаттар өздерінің сайлауалды бағдарламаларын жүзеге асыруда үнемі халықпен бірлесе отырып жұмыс істейді.

– **Саликалы сұхбатыңызға алғысымды білдіремін. Халықтың үмітін арқалап жүрген істеріңізге толағай табыс тілеймін. Сайлаушыларыңыздың сенімін ақтай беріңіздер! Рақмат!**

Сұхбаттасқан Дәулет АСАУ

 Jana Bastau Меншік иесі – «Bastau Media» ЖШС Директор – Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ	 Бас редактор Дәулет АСАУ Бас редактордың орынбасары Гүлназ БИСЕН Веб-редактор Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА ЖУРНАЛИСТЕР: Жанар АХМЕТОВА, Асылжан КҮНТУҒАН	 ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ Дизайнер-беттеуші Ербол ҚАНАТҰЛЫ Корректор Майгүл ХАРИҒАЗЫ Номердің кезекшісі Асылжан КҮНТУҒАН Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77 Таралымы 1 500 Бағасы келісім бойынша	 Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді. Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578	 Редакция мекенжайы: Қосшы қаласы, Республика даңғылы, 46 Байланыс телефоны: тел.: +7 (701) 709-88-82 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. janabastau2022@gmail.com www.janabastau.kz
--	--	---	---	---